7) ISO 17442 халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) (бар болса).

жоқ

2. Қоғамның байланыс телефондарының, факс нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын, сондай-ақ егер қоғамның нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген қоғамның орналасқан жерінен ерекшеленетін болса, қоғамның нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес қоғамның орналасқан жері.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Орналасқан жері (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес)	Z05T3C9, Қазақстан, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілі Ел даңғылы, 55/15 ғимарат
Байланыстар	+77015338089 Aliya.Smagulova@nitec.kz
Нақты мекенжайы	010000, Қазақстан, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілі Ел даңғылы, 55/15 ғимарат

2-тарау. Акциялар туралы, оларды төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтер

3. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) жарияланған акциялардың саны, түрлері:

жай акциялар: 47 251 401 (қырық жеті миллион екі жүз елу бір мың төрт жүз бір)

2) құрылтайшылар төлейтін акциялардың саны, түрлері:

жай акциялар: 610 073

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны:

жай акциялар: 1 000 (бір мың) теңге

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілді мөлшері:

жатпайды

Тұрақтандыру банкі тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналды құны туралы ақпаратты ғана толтырады.

4. Акцияларды төлеу

Акцияларды төлеу тәсілі:

Ақшамен (құрылтайшылардың (инвесторлардың) акцияларды төлегенін растайтын төлем құжатының (құжаттарының) деректемелерін, төлем сомасын және төлеушінің атауын көрсету);

Бағалы қағаздармен (бағалы қағаздар эмитентінің атауын, бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) мен санын, бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, бағалау сомасын (нарықтық бағасы болмаған жағдайда) мәміле тіркелу күнін көрсету)

Мүліктік құқықтармен (қоғамның тиісті органдарының қоғамның ақшалай міндеттемелерін қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу есебіне өтеу туралы қабылдаған шешімінің күнін және қоғамның осы шешімді қабылдаған органын; қоғамның ақшалай міндеттемелерін салыстырып тексеру актісінің деректемелерін, бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-өткізу актісінің күнін көрсету);

Езге мүлікпен (бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, мүлікті бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-өткізу актісінің күнін көрсету).

жатпайды

Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда көрсетіледі (банктерді қосу нысанында ерікті қайта ұйымдастыру кезінде қолданылмайды):

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Қоғам қайта құрылмады.

Қоғам қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда қосымша көрсетіледі:

Қоғам қосылу арқылы қайта құрылмады.

Банктер ерікті түрде қайта ұйымдастырылған жағдайда банктің басқа банкке қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылатын банктер акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында бекітілген акцияларды айырбастау коэффициенті көрсетіледі:

Банктің басқа банкке қосылуы түрінде банктерді ерікті түрде қайта құру болған жоқ.

Акцияларға цифрлық (виртуалдық) бірліктермен және (немесе) құны цифрлық (виртуалдық) бірліктердің құнына (құнының өзгеруіне) байланысты болатын қаржы құралдарымен төлем жасалмайды.

Акциялар шығарылымы проспектісінің мақсаты үшін цифрлық (виртуалдық) бірлік деп криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып, орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылған және есепке алынатын сандық жазба болып табылатын бірлік түсініледі.

3-тарау. Акцияларды орналастыру шарттары мен тәртібі

5. Акцияларды орналастыру және айналысқа шығару:

1) акцияларды орналастыру және айналысқа шығару жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы);
-ұйымдастырылмаған

2) акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта орналастырған жағдайда орналастыру тәсілі:
жазылу немесе аукцион көрсетіледі;
Жазылым

3) құрылтайшылар жиналысында бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіткен күні көрсетіледі;
26.12.2008

4) акционерлік инвестициялық қорда:

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алуға өтінімдер беру және орындау шарттары мен тәртібі;
жатпайды

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын орналастыру және (немесе) сатып алу жөніндегі делдалдар тізбесі (олар бар болса) олардың орналасқан жері мен байланыс телефондарының нөмірлері беріле отырып қосымша көрсетіледі.
жатпайды

4-тарау. Қоғамның орналастырылған (акционерлік қоғамның сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

6. Жаңадан құрылған, оның ішінде қайта ұйымдастырылу жолымен құрылған қоғамдар,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



сондай-ақ сот шешімі бойынша жарияланған акциялары шығарылымын мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп танылған қоғамдар үшін қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер, оның ішінде:

жеке тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және (немесе) заңды тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) толық атауы, орналасқан жері;	қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) ақысын алдын ала төлеген акцияларының саны мен түрі (түрлері);	құрылтайшылардың (қатысушылардың) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие болған күні көрсетіледі.
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» мемлекеттік мекемесі («ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ) 010000, Астана қ., Желіс данғылы, 11	42 775 922 (жай акциялар)	18.04.2023

Жарғылық капиталдың ақысы заңды тұлғаны тіркеуге дейін төленген жағдайда қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу күні көрсетіледі.

Жарғылық капиталдың ақысы заңды тұлғаны тіркегеннен кейін төленген жағдайда құрылтайшылардың қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін толық төлеген күні көрсетіледі.

Сот шешімі бойынша жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеуін жарамсыз деп танылған қоғамдар акционерлердің жалпы жиналысында жаңа акциялардың шығарылымын тіркеу туралы шешім қабылдаған күнді көрсетеді.

5-тарау. Қоғам қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, қоғамның қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

7. Қоғам қызметінің түрлері:

- 1) қызметінің негізгі түрлері;
- 1) қызметінің негізгі түрлері;
- 1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың «электрондық үкімет» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және оларды сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- 3) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту үшін өзге тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қолдау көрсетіп

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- отыруды және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін басқа да тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін тартуға құқығы бар;
- 4) мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету;
- 5) операторға бекітілген «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында орналастырылған мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету кезінде мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 7) ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюды қамтамасыз ету және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;
- 8) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту және орналастыру үшін «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасын ұсыну қызметін көрсету;
- 9) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін «электрондық үкіметтің» шлюзіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық шлюзіне интеграциялауды және қосуды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына қосуды жүзеге асыру;
- 10) мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған және мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына қосылған өзге де ақпараттандыру субъектілеріндегі электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуі үшін оларға байланыс қызметтерін көрсету Байланыс қызметтерін көрсету үшін қызметтердің қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) ретінде өзге тұлғаларды тартуға құқығы бар;
- 11) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасын және мемлекеттік органдардың бірыңғай тасымалдау ортасын құруды және дамытуды жүзеге асыру;
- 12) Қазақстан Республикасы Ұлттық шлюзін қолдап отыру және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- 13) Қазақстан Республикасының түбірлік куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабын сүйемелдеуді және оларға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- 14) «электрондық үкімет» веб-порталын мемлекеттік органдар және электрондық нысанда қызметтер көрсетудің өзге де субъектілері ұсынған электрондық ақпараттық ресурстармен ақпараттық толтыруды жүзеге асыру;
- 15) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту кезінде мемлекеттік органдарға консультациялық көмек көрсету;
- 16) «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық шлюзін дамыту жөніндегі жобаларды басқару;
- 17) деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді жүзеге асыру;
- 18) деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқаруға қойылатын талаптарға сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасында деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді жүзеге асыру;
- 19) заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық және консультациялық қызметтер көрсету үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды ұсыну қызметтерін көрсету;
- 20) әзірленген бағдарламалық қамтылымды, бастапқы бағдарламалық кодтарды (бар болса), «электрондық үкімет» ақпараттандыру объектілерінің лицензиялық бағдарламалық



қамтылымын орнату кешенін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыру;

21)механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізу, дамыту, интеграциялау және сүйемелдеу қызметін жүзеге асыратын механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторының қызметін жүзеге асыру;

22)қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып және электрондық паспорттар жүйесінің қатысушыларымен және билік органдарымен өзара іс қимылды қамтамасыз ете отырып электрондық паспорттар жүйесінің әкімшісімен жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдарының шассиі паспорттары) және өзі жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісін) қызметін жүзеге асыру;

23)мұнай өнімдері айналымы саласындағы уәкілетті органға, оның өңірлік бөлімшелеріне, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға осы бақылау есепке алу аспаптарының деректерін автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы бақылау есепке алу аспаптары операторының қызметін жүзеге асыру;

24)уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне есепке алудың бақылау аспаптарының деректерін автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласында есептеуіш бақылау аспаптары деректерінің операторының қызметін жүзеге асыру.

2) қоғамның маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың қоғамның жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, қызметінің түрлеріне қысқаша сипаттама беру;
қолданылмайды

3) қоғамның бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

Эмитенттің бәсекелестері ретінде қарастыруға болады:

1. "Қазақтелеком" АҚ;

2. "Қазпошта" АҚ;

3. Халықаралық IT-компаниялар:

- Microsoft: мемлекеттік және жеке ұйымдар үшін бұлтты есептеу, киберқауіпсіздік және цифрлық трансформация шешімдерін ұсынады.

- IBM: жасанды интеллект, бұлттық қызметтер және блокчейнді қоса алғанда, IT шешімдерінің кең ауқымын ұсынады.

Бұл компаниялар Қазақстандағы ақпараттық технологиялар нарығында белсенді жұмыс істейді және Эмитенттің қызметтерімен және өнімдерімен бәсекелесе алатын түрлі шешімдерді ұсынады.

4) қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

- Үкіметтің Цифрландыру бағдарламасын белсенді ілгерілетуі және экономиканың түрлі секторларына ақпараттық технологияларды енгізу.

- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оң серпіні (тұрақты экономика және ЖІӨ өсуі IT-секторға инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасайды).

Сатудың (жұмыстардың, қызметтердің)кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар:

- Инфляциялық қысым және валюта бағамдарының ауытқуы.

- Саяси дағдарыстар немесе тұрақсыздық.

8. Акционерлік инвестициялық қорлар болып табылатын қоғамдардың қызметі туралы мәліметтер.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Мыналар көрсетіледі:

акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық қызметі туралы негізгі ережелер, инвестициялық саясаты мақсаттарының сипаттамасы, акционерлік инвестициялық қордың кірістеріне жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін ықтимал факторларды көрсете отырып тиісті объектілерге инвестициялау себептері мен тәуекелдері, сондай-ақ олардың туындау мүмкіндіктері;

акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниясы туралы мәліметтер (толық атауы, орналасқан жері);

қоғамның инвестициялық декларациясында көрсетілген инвестициялау объектілері, оның ішінде акционерлік инвестициялық қор үшін барынша маңызды объектілері нарығындағы жалпы үрдістің қысқаша сипаттамасы.

жатпайды

9. Қоғамның қызметіне әсер ететін тәуекел факторлары.

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Эмитенттің Қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметке тән экономикалық және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырайды. Бұл тәуекелдер Үкіметтің саяси шешімдері, экономикалық жағдайлар, салық аңнамасының өзгерістері және ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілері сияқты объективті факторлардың әсерінен құрылуы мүмкін, бірақ Эмитент тәуекелдердің қаржылық нәтижелерге әсерін азайту мақсатында олардың барлық ауытқуларын басқарады және қадағалайды.

Эмитент өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жекелей) пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізат пен қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер, Эмитенттің инфрақұрылымының қымбаттауына, бюджетке және операциялық тиімділікке әсер етуі мүмкін.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметіне (ішкі және сыртқы нарықтарға жекелей) бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитенттің қызметтері бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер Эмитенттің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметі мен қаржылық нәтижелеріне жағымсыз салдарды азайту үшін баға саясатын және бағаның өзгеруіне байланысты тәуекелдерді тиімді басқарады.

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Валюта бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер және басқа нарықтық бағалар сияқты нарықтық бағалардың өзгеруі Эмитенттің кірісіне әсер ету қаупі. Нарықтық тәуекел елдің қаржы жүйесінің жалпы жағдайына және мемлекеттік саясатқа байланысты. Эмитент нарықтық тәуекелді нарықтық жағдайдың теріс өзгеруіне байланысты туындауы мүмкін ықтимал шығындарды мерзімді бағалау арқылы басқарады. Эмитентте туынды немесе басқа хеджирлеу құралдары жоқ.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің тепе-теңсіздігі (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде атқаруының күтпеген қажеттілігі туындауының нәтижесінде туындайтын эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитенттің залалдарының туындауына байланысты тәуекелдер. Эмитенттің қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтарға тап болу қаупі ретінде анықталады. Қолда бар қаражатты пайдаланудың күнделікті қажеттілігіне байланысты Эмитент тәуекелге ұшырайды. Эмитент ай сайын ақша қаражаттарының қозғалысының болжамдарын бақылайды, дебиторлық берешекті өтеуден түсетін түсімдер арқылы өтімді қаражатқа қажеттілікті қанағаттандырады, ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, қаражаттың жетіспеушілігі тәуекеліне мониторинг жүргізеді. Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі. Қаржылық тәуекелдер Эмитенттің қаржылық есептілігінің негізгі көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін, оның өтімділігін, кірістілігін, капиталдандырылуын және қаржылық тұрақтылығын өзгертеді.

3) құқықтық тәуекел – эмитенттің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі; эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды.

Эмитенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы, сондай-ақ ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтамауы, Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қарымқатынастарда басқа мемлекеттер аңнамасының талаптарын бұзуы құқықтық тәуекелді арттыруға апарады, бұл шығыстардың (залалдардың) туындауына әкеп соғуы және эмитент қызметінің қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына, ішкі құжаттарға толық сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін барлық шараларды қабылдайды.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі.

Эмитенттің бедел тәуекелі эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның қызметтерінің сапасы немесе жалпы қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы нәтижесінде, сондай-ақ нысаналы аудиторияның Эмитент қызметіне деген сенімінің төмендеуі нәтижесінде Эмитентте шығындардың туындау тәуекелін білдіреді.

Эмитенттің бедел тәуекелін басқару қоғамның Эмитент қызметіне сенімін арттыру мақсатында корпоративтік басқарудың қалыптасқан жүйелерімен, сапалы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен, БАҚ-пен және оғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық



мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел.

Стратегиялық тәуекелге Эмитенттің қызметі мен даму стратегиясын айқындау және іске асыру кезінде өзгерістердің немесе қателіктердің (кемшіліктердің) салдарынан, саяси ортаның өзгеруі, салалық құлдырау және жүйелік сипаттағы басқа сыртқы факторлар нәтижесінде шығындардың туындау тәуекелі жатады.

Эмитенттің стратегиялық тәуекелін басқаруды заңнаманың талаптарына сәйкес даму стратегиясын әзірлеу және өзектендіру жолымен стратегиялық жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер: эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі; айналымына эмитент болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы. Эмитенттің қызметі басқа салаларға тән бола бермейтін бірқатар ерекше тәуекелдермен байланысты болуы мүмкін, мысалы киберқауіпсіздік, техникалық және инфрақұрылымдық тәуекелдер.

Мұндай тәуекелдерді азайту үшін эмитент өз қызметінде инфрақұрылымдағы ақаулар туралы мониторинг және хабарлау жүйесінің болуын, ақпараттық қауіпсіздік стандарттарын сақтайды, жүйелерді тұрақты жаңартуды және жаңғыртуды жүргізеді.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды. Эмитент өз қызметін қызметтерді тұтынушылардың басым көпшілігі шоғырланған Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады, бұл елдік тәуекелдің жоғары дәрежесін арттырады. Қазақстанның жалпы экономикалық жағдайындағы елеулі құлдырау Эмитенттің клиенттеріне теріс әсер етуі мүмкін. Клиенттік базаны елдік және өңірлік әртараптандырудың болмауы бизнеске, қаржылық жай-күйге, қызмет нәтижелеріне және Эмитенттің дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Берілген саясатқа сәйкес тәуекелдерді басқара алмау бизнеске, қаржылық жағдайға және эмитент қызметінің нәтижелеріне елеулі қолайсыз әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде жүргізілетін операциялардың барлық бизнес-процестердің регламентін сипаттайтын ішкі құжаттарға толық сәйкестік қағидатын қатаң ұстанады. Бизнес-процестердің әртүрлі кезеңдерінде Эмитенттің бір-бірінен тәуелсіз бөлімшелері жүзеге асыратын бақылау рәсімдері қолданылады.

9) экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды. Экологиялық және климаттық факторлардың Эмитенттің қызметіне тікелей әсер ету қаупі жоғары емес.

6-тарау. Қоғам туралы және ол орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



қосымша мәліметтер

10. Қоғамның төлеу агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) төлеу агентінің толық атауы;
- 2) орналасқан жері, байланыс телефондары, электрондық пошта адресі (бар болса);
- 3) қоғамның төлеу агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Компанияның төлем агенті жоқ.

11. Қоғамның консультанты туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

- | | |
|---|---|
| 1 | <p>1) қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:
қолданылмайды (қолданылмайды)</p> <p>2) қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық пошта адресі (бар болса):
қолданылмайды</p> <p>3) қоғамның қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін адаммен жасасқан шартының күні мен нөмірі:</p> |
|---|---|

Егер, қоғамның пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету қоғам акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, қоғамның өзге де консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.


қолданылмайды

12. Қоғамның орталық депозитариймен жасасқан қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде қызмет көрсету туралы шарттың күні мен нөмірі.

№ 947, 01.01.2014

13. Тұрақтандыру банкі жарияланған акциялар шығарылымының проспектісін жасаған кезде, осы қосымшаның 10 және 11-тармақтары толтырылмайды.

Уәкілетті тұлға



Электрондық цифрлық қолтаңба

СМАГУЛОВА АЛИЯ САГИНТАЕВНА
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

